

Ең болмаса еңбекпен мал табалық,[10:56] – деп жас күнінді босқа өткізбей, өнер іздеп, еңбек ету қажеттігін айтады. Осы өлең шумақтарынан екі ақынның да ойы бір жерден шыққандығы байқалады.

Екі ғұлама да төл туындыларында адам баласының өмірінде жастық шақтың шешуші кезең екенін, жас кезінде еңбектеніп, ілім-білім, өнер жина дегенді айтады. Ұлтының келешегі үшін артына өлместей мұра қалдырып, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің бай болуына өз үлестерін қосты.

Біржан мен Абайдың шығармашылық, ғұмырлық сабақтастығын ғылыми деректер арқылы, М.Әуезовтің шығармалары арқылы зерделеп, тұтас педагогикалық үдеріс айналымына енгізудің маңызы зор болып табылады. Жалпы білім алушыларға эстетикалық тәрбие беру ісінде әншілік өнер мен ақындық өнер сабақтастығы, оның негізінде Біржан мен Абай сабақтастығының ғылыми құндылығы мен тәрбиелік мәні жоғары асыл мұра екеніне көзіміз жетті деген қорытындыға келдік.

Біздің ойымызша, екі ғұламаның шығармашылық, ғұмырлық сабақтастығы арқылы жас ұрпақтың өнерсүйгіштік санасын, ұлттық сезімін, өнерсүйгіштік ой-өрісін көтеру үшін әр қырынан зерттеу болашақтың еншісінде.

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бәсекеге қабілетті болашақ ұрпағын тәрбиелеуде, М.Әуезов шығармалары ұлттық рух пен алып күш беретін құрал болып қала береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қарақұлов Б. Асыл мұра. – Алматы: Жазушы, 1983. – 17-бет.
2. Жұбанов А. Тәттімбет // Ғасырлар пернесі: Қазақтың халық сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы очерктер. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 127-б.
3. Әуезов М. Абай жолы. //Бірінші кітап. 51-52-бб. Екінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2009. – 61-62-бб. 63-64-бб.
4. Сматаев С. Алғашқы асу. Повестер. – Алматы: Жалын, 1982. – 264-б.
5. Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: КӨБ, 1956. – 66-б
6. Аманжол Қ. Біржан бұрмалары // Жұлдыз. – № 5. – 190-191-б.
7. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 75-б.
8. Байдәулетова Қ. Біржан деп атым шықты алты алашқа. // «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газеті. – 10 қараша, 2015.
9. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1989. – 363, 368, 369-бб.
10. Құнанбаев А. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп. – Алматы: Раритет, 2008. – 46, 56, 258-бб.

ӘОЖ 1751

АБАЙ МҰРАСЫНДАҒЫ «ТОЛЫҚ АДАМ» МӘСЕЛЕСІ ЖАЙЫНДА

Мынжасарова Динара Жамбулқызы

zhambulovna@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 2-курс магистранты, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Тұрысбек Р.С.

Өз заманынан оза туған ойшыл Абайдың адам болу туралы ойларының рухын, өзекті желісін танып білу аса қастерлі міндет саналады. Ұлы ақын адам боп дүниеге келген соң, адам

болып қалу парызы екенін насихаттап, адам болу талабына жасалатын алғашқы қадам жайлы былай дейді: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады» [1, 194]. Яғни ұлы ойшыл ұсынған бұл меже адам болам деген талаптың алғашқы қадамы ретінде, адамның адам болуға саналы түрде махаббатпен қызығуы арқылы ғылым мен білімді меңгеруге ұмтылысы. Бұл ұмтылыс баланың нәсілімен, ортасымен және тәлім-тәрбиесімен байланысты болады екен. Баланың адам болуға ұмтылатын алғашқы қадамының негізін бұзатын, қазақ болмысында оның адамдық қасиеттерінің толық қалыптасуына зардабын тигізетін нәрсе – бала өскен әлеуметтік орта. Осындай ортаның әсерінен бала қиянатшыл болады деп қараған. «...қиянатшыл балалар талапқа да, ғылымға да, ұстазға да... қиянатпен болады. Бұл қиянатшылдар – жарым адам... Олардың адамшылығының кәмеләт таппағы қиынның қиыны» дейді. Қиянатшылдық себепті бала адами қасиеттерді бойына сіңіре алмайды, сондықтан да Абай баланы қиянатшылдықтан сақтауға, оның бойына ізгілік пен мейірімнің дәнін егу керектігіне көп көңіл бөлген.

Белгілі абайтанушы М.Мырзахметов Абайдың толық адам болудың басты шарттары ретінде үш сипатты Абай сөздерінен көрсетеді. Ол үш сипаты – ғылым (ақыл), рахым (шафағат), әділет (ғадалат). Абай үнемі осы аталған үш сипатты толық адам болудың баспалдағы ретінде тұтастықта, бірлікте алып отырған. Осы үш сипаттың ішінде әділет пен ақылға Абай ерекше мән бергені байқалады. Бүкіл шығармаларының тұла бойында осы екі ұғымға үнемі жүгініп отырады. Мысалы, «Адамның кейбір кездері» өлеңінде:

Әділет пен ақылға,
Санатып көрген, білгенін.
Білгізер алыс жақынға,
Солардың сөйле дегенін, -
деп екі ұғымды өзінің түпкі нанымынң шешуші тетігі ретінде арнайы атап өтеді.

Үшінші сипат болған рахым да теңдесі жоқ сипат ретінде саналады және оны басты орынға қояды. «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінде осы ойы нақтылана түскен. Онда:

Ақыл мен қайрат жол табар,
Қашқанға да қуғанға.
Әділет, шафқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

Алдыңғы екеу соңғысыз
Біте қалса қазаққа.
Алдың – жалын, артың – мұз
Барар едің қай жаққа?

деп, ақын қара сөздеріндегі ойларының тұжырымын жасаған. Абайдың он жетінші қара сөзінде: «...әділет, нысап, ұят, рахым, мейірманшылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады» деген жүректің сөзіндегі шафағат деген рахымның баламасы ретінде қолданылып тұр. М.Мырзахметов осы тұрғыда мынадай тұжырым жасайды: «Абайдың ойынша, ақыл мен қайрат қаншалықты дәрежеде мықты болса да, ол рахым, шафағаттан қол үзсе, ғұмырсыз өлі дүниедей, кәмеләттығы жоқ нәрсе болмақ. Абайдың танымынша, әуелі осы рахым, шафағатты жас ұрпақтың бойына терең ұялатып дарытпайынша, шын мәніндегі толық адам болудың өзі қиынның қиыны. Тіпті бенделіктің кәмеләттығы да рахым, шафағатпенғана толыққанды дүние бола алмақ» [2, 24].

Сонымен қатар «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің де идеясы адам болу екенін ескерсек, мұнда да үш сипат жайлы аталып өтеді.:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек бекер мал шашпақ –

Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой
Қанағат, рақым ойлап қой –

Бес асыл іс көнсеңіз.

«Ғылым таппай мақтанба» – Абай «пайда ойламай, ар ойлайтын» шапағатты адам, кісілікті кісі болуды аманаттаған өлеңдерінің алғашқы қарлығашы. Онда адамның бақытты болу формуласы және өзін-өзі жетілдіру жолдары паш етілген. Мұнда рақымды асыл іс, яғни адам бойындағы адами қасиеттердің асылының бірі ретінде танытады.

Абайдағы бұл танымдардың негізі гуманистік болмысынан туындаған толық адам болудың басты шарттары ретіндегі ойларының жемісі. «Не түрлі болса да, я дүниеңмен, я ақылыңнан, я малыңнан ғадаләт, шафағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол құданың жолы», - деген ой қорытындысында Абайдың бүткіл гуманистік нанымының өзекті желісі жатыр деуге болады.

Бұл арада Абайдың рақым, шапағат деп отырғаны жүрек екенін М.Әуезов арнайы ескертіп өтеді. Абайдағы адамшылық негіздерін талдай отырып, ондағы ақыл, әділет, рақым жайлы түбірлі гуманистік танымдарға ерекше мән беретіндіктен, Абай “адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қояды”. Абай адам мен кісі мәселесін жан-жақты, ауқымды қарастыру арқылы, өзінің кісілік философиясы арқылы жан-жақты жетілген «толық адам» тұжырымын негіздеді. «Толық адам» ілімі тұрғысынан Абайдың өзінің қаншама «толық», жан-жақты жетілген адам екендігіне тағы да көзіміз жетеді. Абайдың «толық адам» тұжырымында басқа философиялық жүйелермен сабақтастық, байланыстылық бар екендігін байқауға болады. Мұның өзі оның қаншама жанжақты білімді, парасатты философ екендігіне көз жеткізеді.

Абайдың пікірінше, жәуанмәрт, яғни, жанжақты жетілген толық адамға үш негізгі қасиет: шындық, ізгілік, даналық тән болуы керек. Осыған байланысты 38-сөзінде Абай былай деп жазады: «Енді біздің бастағы тағриф (тану) бойынша құдай тағала ғылымды, рақымды, ғадаләтті құдіретті етті. Сенде бұл ғылым, рақым, ғадаләт үш сипат бірлән сипаттанбақ: ижтиһадің (талап) шарт еттің, мұсылман болдың, һәм толық инсаниятың (адамгершілік) бар болады. Белгілі жәуәнмәрттілік үш хаслат (сипат) бірлән болар деген сиддық (шындық), кәрәм (ізгілік), ғақыл (даналық) – бұл үшіндән сиддық, ғадаләт болар. Кәрәм шафағат болар, ғақыл мағлұм дүр, ғылымның бір аты екендігі, бұлар әр адамның бойында Алла табарақа уатағала тәхмин (шама, шамамен) бар қылып жаратқан. Бірақ оған рауаж (реттеу, пайдаға асыру) беріп гүлдендірмек, бәлки адам өз халінше кәмәләтқа жеткізбек, жәһәтінде болмақ». [1, 198]

Қорыта айтқанда, Абай мұрасының гуманизмдегі алар орны ерекше. Адамдық негіздерін саралап, «толық адам» болудың формуласын ұсынған. Адамның кемелденуі үшін рақым, шапағат, ізгілік сынды адами асыл қасиеттердің бойына сіңірілуі керектігін өзінен кейінгі ұрпаққа өсиет етіп кетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Абай Құнанбайұлы Өлеңдер мен поэмалар /Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - Алматы: Көркем әдебиет, 1957. 285 б.
2. Мырзахметов М. Абайдың адамгершілік мұраттары. — Алматы, Рауан, 1993. — 139 б.